

2022-2023 оқу жылындағы Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінің тамақтану қорытындысы туралы анықтама (қыркүйек)

Қыркүйек айына тағам сапасының мониторингі комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес тағамның табиғи нормаларын анықтайтын тексеру жүзеге асырылды. Тексеру кезінде байқалғаны:

1. Тамақтанудың негізгі рационы бекітілген алдын-алу ас мәзіріне сай келеді. Тағамды дайындау тағамның технологиялық картасына сай сәйкес пайдаланылады, онда тағамның құрамына кіреті тағамдар есебі, массасы мен грамы, химиялық құрамы, тағамның дайындалу технологиясы туралы мәлімет бар.
2. Тағамның 1 оқушыға арналған массасы ерекшеліктеріне сәйкес. Тексеру кезінде оқушылардың ас мәзірінен комиссиялық құрамынан 5 мөлшер тағам алынып тексеру жүргізілді. Тексеру барысында дайындалған ас мәзірінің барлық бөлігіне сәйкес келеді.
3. Тағам дайындау үшін бөлінетін (май, ет, балық және т.б) негізгі тағам бөліктерімен дұрыс жүзеге асырылды.
4. Дайын тағамдар медбике дәмін алғаннан кейін тағамның сапасын тексеру (бракеражды) журналды жазылғаннан кейін балаларға ұсынылады.
5. Күнделікті ас мәзірінде көрсетілген тағамдардан құрылады. Әр тағамның массасы мен шығыны әр тағам бойынша шығарылады. Ас мәзірінің көрсетілгендей тағамның құндылығы, дайындайтын технологиясы ережеге сай әзірленген.
6. Бір оқушының 1 күндік тағамның құны 450 теңгені құрайды.

Шешім: тағамның табиғи нормалары санитарлық талаптар ережесіне сай.

Анықтама жазған:



И.А.Искакова

2022-2023 оқу жылындағы Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінің тамақтану қорытындысы туралы анықтама (қазан)

Қазан айына тағам сапасының мониторингі комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес тағамның табиғи нормаларын анықтайтын тексеру жүзеге асырылды.

Мектеп асханасы мен ас блогына күнделікті ас мәзірі бойынша дайындалған тағамдар мен ұсынылатын өнімдер сертификаттарының сәйкестігіне тексеру жүргізілді. Сақтау шарттары мен мерзімдері және жеке гигиенаны бақылау және қажетті тексерулерден уақтылы өту;

Білім алушылардың тамақтануы пісіру, буға пісіру, сөндіру, пісіру сияқты тағамдарды дайындаудың белгілі бір тәсілдерін пайдалануды көздейтін жұмсақ тамақтану қағидаттарына сәйкес келеді және тітіркендіргіш қасиеттері бар өнімдерді алып тастайды. Күн сайын тамақтану залында ас мәзірі ілінеді, онда тағамдардың көлемі мен аспаздық өнімдердің атаулары туралы мәліметтер көрсетіледі. Дайын өнімнің сапасына және тамақтандыруды ұйымдастыруға бақылау жүйелі түрде жүргізіледі.

Қызметкерлер арнайы санитарлық киіммен (халат немесе күртеше, шалбар, бас киім, тайғанамайтын жеңіл жұмыс аяқ киімі) қамтамасыз етілген. Жұмысқа тиісті кәсіби біліктілігі бар адамдар және белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық тексерулер, кәсіби гигиеналық дайындықтар (тырнақ қысқа қиылған, іріңді және тері аурулары жоқ) және аттестациядан өткен адамдар жіберіледі. Балалардың тамақтануында тыйым салынған тағамдар тұтынылмайды.

Мектеп асханасына бару оқушылардың тамақтануы кезінде өткізілді және аспазшылармен әңгіме өткізілді.

Шешім: Асхана мәзірінде қолданылатын азық-түліктің барлығы Қазақстандық өнімдер.

Анықтама жазған:



И.А.Искакова

2022-2023 оқу жылындағы Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінің тамақтану қорытындысы туралы анықтама (қараша)

Асханаға жеткізілетін тамақ өнімдерінің мерзімдері жарамды, тамақ өнімдері түрлерінің сапалық жағдайы, қоймадағы сақтаулы тамақ өнімдердің жағдайлары жақсы. Қойма іші таза, артық зат жоқ, тамақ өнімдері ретімен полкаларға қойылған, жабық ыдыстарға салынған, жерге қойылған тамақ өнімдері жоқ. Тамақ өнімдерін сақтайтын 1 тоңазытқыш, ол жұмыстық жағдайда. Тоңазытқышта тұрып қалған тамақ жоқ, тәуліктік сынама алынып, тоңазытқышқа салынған. Ыдыс жуу, кептіру ережеге сай, жабдықтары бар. Ыдыс-аяқтар жаңартылған, таза.

Ас мәзіріне сай құрамына керекті қоспалармен тағамдарды дайындаудың сапасы технологиялық картамен жасалған. Қараған сәтте ас мәзірі бойынша дайындалған тағамдарды балалардың тауысып ішкенін көрдік, қалдық аз. Дайын тағамдардың дәмі жақсы, берілетін ыссы тамақ әр аусымға бөлек дайындалады. Тағамдар ас мәзіріне сай салынған. Тағамның сапасы туралы ата-аналар пікірлер журналына жазған жазбасында «тағамдар сапасы жақсы» деп бағаланған.

Асханадағы қызметкерлер медициналық бақылаудан өткен. Асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім үлгісі, барлық санитарлық талапқа сай. Мектеп медбикесі асхана қызметкерлерін күнделікті тексеріп, қызметкерлерді жұмысқа жіберуге рұқсат етуді тіркеу журналына тіркеп отырады. Қызметкерлерде шағын жарақаттар анықталған жоқ.

Шешім: Мектеп асханасы талапқа сай жұмыс жасауда. Тамақ өнімдерінің сапасы, дайындалу технологиясы, асхана тазалығы талапқа сай. Тамақ бекітілген ас мәзіріне сәйкес беріледі, дайын ас көлемінің шығымы өз деңгейінде болды.

Анықтама жазған:



И.А.Искакова

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ ЛИЦЕЙ-МЕКТЕБІНІҢ ЖЕТІМ, ОБПР, АӘК, АЗ ҚАМТЫЛҒАН, КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР БОЙЫНША АНЫҚТАМА

2022-2023 оқу жылында Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінде 885 оқушы оқиды. Мектеп бойынша АӘК, аз қамтылған, көп балалы отбасынан 68 оқушы бар. АӘК, аз қамтылған, бұл санатқа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан оқушылар.

1-4 сынып бойынша 37 оқушы бар. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан балалар 14 оқушы, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 23 оқушы.

5-11 сынып бойынша 31 оқушы бар. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан балалар 8 оқушы, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 23 оқушы.

Осы оқушылардың барлығы мектеп асханасында тегін тамақтанады. Әр оқушы өзінің сыныбымен барып өтінім жазады. Тегін тамақтанатын оқушылардың тамағының құны 450 теңге.

Оқушылардан мектеп асханасының сапасы бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнама мақсаты: Тамақтану сапасын анықтау. Сауалнама нәтижесі бойынша мектеп оқушыларының асхана көзқарастары жақсы. Мектеп оқушыларына асханада тамақтану ұнайды екен. Өзінің ұсыныстарын жазып, белсене қатысты.

2022-2023 оқу жылында аз қамтылған және көп балалы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді

Жалпы лицей-мектебі бойынша 62 (алпыс екі) оқушыға 2704192 (екі миллион жеті жүз төрт мың жүз тоқсан екі) теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетілді. Түбіртек мен суреттерді әлеуметтік педагогке тапсырылды.

Жетім балалар, сәтсіз отбасылар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар жоқ.

Әлеуметтік педагог



Искакова И.А.